

"Petrokaz Ltd" компаниясының міндеттемелерді орындау мәселелері жөніндегі ұсыныстарды пысықтау үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 30 сәуір N 33-ө

1. "Шымкентшина" ашық акционерлік қоғамы конкурстық басқарушысының

"Petrokaz Ltd" компаниясымен жасасқан 2000 жылғы 28 ақпандағы N 1/1 сатып алу-сату шартына сәйкес "Petrokaz Ltd" компаниясының міндеттемелерді орындау жөніндегі мәселені шешу үшін ұсыныстарды пысықтау мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Нефедов - Қазақстан Республикасының Энергетика
Петр Петрович және минералдық ресурстар вице-министрі,
жетекші

Смағұлов - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Болат Советұлы кіріс министрлігінің Дәрменсіз
борышкерлермен жұмыс жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары,
жетекшінің орынбасары

Әбубәкіров - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімияты
Пернебай Индустрия, энергетика және коммуналдық
меншік департаментінің бастығы

Қасымова - Қазақстан Республикасының Энергетика
Әсия Салғарақызы және минералдық ресурстар министрлігі
Химия өнеркәсібі басқармасының бастығы

Кәкімова - Қазақстан Республикасы Экономика және
Сәуле Тұрсынқызы сауда министрлігінің Салааралық үйлестіру
департаменті салааралық бөлімінің бастығы

Қарымбаев - Қазақстан Республикасы Энергетика
Бақтыгерей және минералдық ресурстар министрлігінің
Мүтиғоллаұлы Ауыр өнеркәсіп департаменті химия
өнеркәсібі бөлімінің бастығы

Жәкенов - Қазақстан Республикасының Әділет
Асқар Серікжанұлы министрлігі Мемлекеттің мүліктік құқығын
қорғау басқармасының бас маманы

Баймаронова - Қазақстан Республикасы Қаржы
Айнұр Олжабайқызы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті мониторинг
бөлімінің бас маманы.

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде "Шымкентшина" ашық акционерлік
қоғамының мүліктік кешенін сатып алу-сату шарты бойынша "Petrokaz Ltd"
компаниясының міндеттемелерді орындау мәселесін шешу жөнінде және Шымкент
қаласындағы жасанды жуу құралдарының өндірістік қуаттарын іске қосуды
жеделдету жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар берсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.